

Қаралды  
ҚИТК КММ ОӘК  
Хаттама № 2 «02» 09 2012 ж.

*Сурет*



Бекітемін  
ҚИТК КММ директоры  
М.С.Жумадильдин

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Қарағанды Индустриялық-технологиялық колледжі» КММ (бұдан әрі – Колледж) Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44бабының 9тармағына және «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2. Қамқоршылық кеңес (бұдан әрі-Кеңес) колледжді алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады және өз қызметін қағидаттарға негіздейді:

- ерікті мүшелік;
- Кеңес мүшелерінің тең құқықтары;
- басшылықтың алқалылығы;
- қабылданған шешімдердің жариялылығы.

1.3. Кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, колледж жарғысын, осы Ережені және өзге де заңнамалық актілерді басшылыққа алады.

### 2. Кеңестің мақсаты мен міндеттері

2.1. Кеңестің негізгі мақсаттары:

- студенттерді оқыту және тәрбиелеу сапасын жақсарту;
- оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- колледждің қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қаржылық, зияткерлік, ақпараттық және басқа да ресурстарды тарту.

2.2. Кеңестің Міндеттері:

- оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының: студенттердің, ата-аналардың, педагогтардың бірлескен қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға қатысу.
- студенттердің қабілеттерін, олардың шығармашылық, зияткерлік және рухани әлеуетін дамытуға жағдай жасау;
- студенттердің денсаулығын қорғауға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша жұмысқа жәрдемдесу, қосымша білім беру үшін жағдай жасау;
- оқу-әдістемелік кешенді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді нығайтуға жәрдемдесу;
- әлеуметтік әріптестіктің қалыптасуы мен дамуына жәрдемдесу.

### 3. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі мен құрамы

3.1. Кеңес құрамына кіретіндер:

- 1) жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған сыныптардың, курстардың әрбір параллелінен осы білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасынан немесе заңды өкілінен;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Кеңес құру кезінде колледж басшысы немесе оның орынбасары оның отырыстарына қатысады.

3.2. Кеңес мүшелерінің саны так болып табылады және бір-бірімен туыс емес және осы білім беру ұйымының басшысымен тығыз қарым-қатынаста емес, кемінде тоғыз адамды құрайды. Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі бір жылды құрайды. Кеңес мүшелері колледж қызметкерлерінің құрамына кірмейді.

3.3. Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Кеңес құрамындағы мүшелер саны үш адамнан аспайды.

3.4. Кеңестің басшысы көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы кеңес отырысында сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы болып табылады.

3.5. Мемлекеттік органдардың өкілдерін кеңестің төрағасы сайламайды және оның міндеттерін орындамайды.

3.6. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Кеңес құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, Кеңес шешімімен Кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

3.7. Төраға Кеңес атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді.

13. Кеңестің жұмысын Кеңес мүшелері сайлайтын хатшы қамтамасыз етеді.

### 4. Қамқоршылық кеңестің өкілеттіктері

4.1. Колледж кеңесі:

1) колледждің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына, сондай-ақ колледж шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2) колледж Жарғысына өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) колледжді дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді;

4) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасыларына орналастыру мәселелері бойынша шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

5) колледжге қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысады және оны мақсатты жұмсау туралы шешім қабылдайды;

6) колледж бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

7) колледждің уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға кеңес анықтаған колледж жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

8) колледж басшысының колледж қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы ұсыну, қайырымдылық көмекті пайдалану туралы есептерін тыңдайды және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасыларына орналастыру жөнінде шаралар қабылдайды;

9) колледж қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

10) колледждің қызметімен, колледждің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне берілген шарттармен танысады, олармен колледж психологының қатысуымен әңгімелесу өткізеді;

Колледждің қызметкерлері (құрылымдық бөлімшелері) Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге жәрдемдеседі.

## **5. Кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

5.1. Кеңес отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырады.

5.2. Кеңес отырысын шақыру туралы хабарламаға кеңес төрағасы қол қояды және кеңес пен колледж мүшелеріне жіберіледі, ол кезде Кеңес қажетті материалдармен бірге отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде әрекет етеді.

Хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны қамтылады.

Хабарламаға баяндамашы көрсетілген отырыстың күн тәртібі, көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізу себептерін көздейтін анықтамалық материалдар, Кеңес мүшелеріне отырысқа ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі.

5.3. Кеңес отырысын өткізу туралы хабарлама алған Кеңес мүшесі оны өткізу күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Кеңес хатшысына өзінің қатысуы немесе қатыспағаны туралы хабарлайды.

5.4. Кеңес төрағасы шақыру туралы ұсыныс түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей кеңес отырысын шақырады.

5.5. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

5.6. Егер Кеңестің барлық мүшелеріне оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланса және отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Кеңес отырысы заңды болып табылады. Кеңесті өз дауысын Кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруге жол берілмейді.

5.7. Колледж кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады.

5.8. Кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде кеңес төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

5.9. Кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Кеңестің барлық мүшелері қол қоюға тиіс.

5.10. Хаттама білім беру саласындағы уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға кеңес отырысы өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

5.11. Колледждің уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Кеңес қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

5.12. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға жұмсалады:

- 1) колледждің білім алушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;
- 2) колледждің материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- 3) спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;
- 4) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға арналған шығыстарды жүзеге асыру.

5.13. Колледж жыл сайын, қаржы жылының қорытындысы бойынша, тиісті есепті колледждің, уәкілетті органның, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану және оның қозғалысы жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар етеді.

## **6. Кеңес жұмысын тоқтату**

6.1. Кеңестің жұмысын тоқтату іске асырылады:

1) колледждің уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;

2) колледж таратылған және қайта ұйымдастырылған кезде.

6.2. Кеңес мүшесі Кеңес құрамынан шыға алады:

1) жеке бастамасы бойынша;

2) колледждің орналасқан жерінде төрт ай ішінде болмау себебінен.